



**«ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қазан, 2019 жыл

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«НАСЛЕДИЯ ХОДЖА АХМЕДА ЯСАВИ И ТУРКЕСТАН»**

17-18 октября, 2019 года

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"HERITAGE OF HODJA AHMET YASSAWI AND TURKESTAN"**

17-18 october, 2019 year

МАЗМУНЫ

А.Райымқұлова. Құттықтау сөз.....	3
Н.Ахметжанов. Алғы сөз.....	4

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

<i>İsmetullah Yesevi. Dünya mirasimiz Türkistan.....</i>	5
<i>Ж.О.Артықбаев</i> Ахмет Йассауи даналығы Түркістан өңірі тарихымен тығыз байланысты.....	8
<i>Н.Абдулахатов.</i> О святых местах на великом шелковом пути (к вопросу об исследованиях мазаров Ферганской долины).....	17
<i>Д.Кенжетай.</i> Иасауитану проблемалары.....	21
<i>Т.Қыдыр.</i> «Диуани хикметтегі» мәжнүн бейнесі.....	26

I. СЕКЦИЯ. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ МЕН ТҮРКІ-ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

<i>Necdet Tosun. Hoca Ahmed Yesevi'nin Eserleri.....</i>	30
<i>М.М.Флоберович, С.М.Шыдыханович.</i> Символика суфизма в гобелене Досжанова Бауыржана «Пророк».....	35
<i>З.Жандарбек.</i> Қожа Ахмет Ясауидің «Екінші дәптерінің» сопылықтағы мәні.....	40
<i>Р.Бейсетаев</i> Көне түріктердің ғарыштық дүниетанымы және Ахмет Ясауидің сопылық ілімі.....	44
<i>Е.С.Абдурахитов.</i> Түркістанның Қазақстанның рухани орталығы ретіндегі тарихи маңызы.....	50
<i>Н.О.Кузембаева.</i> Қожа Ахмет Ясауи әлемі – руханият әлемі.....	52
<i>А.Жанысбаева.</i> Сопылық ілімнің негізін қалаушы - Қожа Ахмет Ясауи.....	55
<i>У.А.Алменбетова.</i> Жазба деректер бойынша Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегінің ерекшеліктері.....	59
<i>Т.Медетбаев</i> Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы және оның өркениетке ықпалы.....	63
<i>Саидвакасов Данияр.</i> Сопылықтағы шәкірттердің рухани-танымдық жетілу жолдары.....	67

II. СЕКЦИЯ. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН

<i>А.А.Жұмашова.</i> Отырардың тарихи-мәдени құндылықтары.....	71
<i>Р.Ж.Есбалаева,М.Шайхыстамова.</i> Ұлы жібек жолы бойымен Түркістан өркениетінің дамуы.....	78
<i>Г.Б.Дәуренқұл.</i> Ұлттық қолөнер бабалар мұрасы.....	82
<i>Қ.Ш.Кемелова.</i> Қазақ халқының салт-дәстүрінің бүгінгі жай-күйі.....	84
<i>Г.Маябасова.</i> Халықтық дәстүрлі өнер – ұлттық мәдени мұраның платформасы.....	87

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІНІҢ БҮГІНГІ ЖАЙ-КҮЙІ

Еліміздің Президенті Қ.Тоқаевтың бағдарламасында көрсетілген үш үлкен тұғырын: біріншісі, салт-дәстүрге беріктілік, екіншісі-әділеттілік, әсіресе әлеуметтік әділеттілік, үшіншісі –өркендеу жолымен жүру, еліміздің саяси, әлеуметтік бағдарын, даму жолын айқын көрсетті деп ойлаймын. Сондықтан келешекте мемлекетіміздің саясаты осы үш бағытпен үш тұғырға сүйене отырып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға қызмет етсе, әлеуметтік әділеттілік орнатса, қазіргі рухани жаңғырып жатқан қоғамды одан әрі жаңғырта отырып, үлкен арманға қол жеткізетін болса, қоғамымыз үнемі өзгерісте, дамуда болады. XXI ғасыр – технологиялар мен ақпараттық құралдар заманы. Ұлттық салт-сана ұғымын қоғамнан алшақтатуға дайын тұрған кезеңнің басы. Қазіргі кезеңде кез-келген мемлекет ұстанымы заман талабына сай өмір сүру. Сондықтан өскелең ұрпақты «барлық әдет-ғұрыптар мен ұлттық дәстүрді жатқа біледі немесе ұлттық құндылықтың мәнін түсініп, оны мәңгілікке сақтай алады» деп айта алмаймыз. Себебі, сан –салалы технология дамыған кезеңде адамның өткенінен алшақтауы басымдылыққа апаруда. Этникалық болмысына алаңдайтын ұрпақ бойында туындайтын заңды сұрақ: «Қоғамда ұлттық салт-дәстүрлердің алатын орны қандай?». Жалпы, «Қазақ кеңес энциклопедиясында»: «Дәстүр дегеніміз ұрпақтан-ұрпаққа көшетін тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің рухани негізі»[1] делінген. Яғни әр халықтың өзіне тән әдеп-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері болады, осы ұлттық мәдениет арқылы сол халық өзінің қасиеттерін, мінез-құлқын, тәрбиесі мен құндылықтарын көрсете алады. Қазақтың мәдениеті мен өркениеті кең, өте бай деп айта аламыз. Мемлекетімізде 130-дан аса ұлт өкілдері мекен етеді, яғни осы жерде мәдениетіміздің артықшылықтарын біршама атап кетуге болады. Тіліміз бен дініміз, тәрбиесіміз бен салт-дәстүріміз, әдеп-ғұрыптармыз, халқымыз, туған жеріміз, мәдени ерекшелігіміз – осылардың барлығы біздің қадір-қасиетімізді, өнегемізді, адамгершілігімізді, патриоттық сезімдерімізді көрсетеді. Қазақ елі- ұлттық салт-дәстүрлерге бай мемлекеттердің бірі. Елімізде, салт-дәстүрлердің бірнеше түрлерін кездестіруге болады: соның ішінде, бала тәрбиесіне байланысты шілдехана, сүйінші, көрімдік, балаға ат қою, бесікке салу, қыркынан шығару, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той, тіл ашар болып бөлінетін болса, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге: қазақ ауылы, ауыл-адамдарының туыстық қатынасы, шешендік сөз өнері, қазақтың ұлттық әуен аспаптары, үйлену мен үй болуға байланысты, қонақ күту, ұлттық мерекелерді өткізу сияқты түрлері кіреді; сонымен қатар қазақ халқында беташар, тыйым, жеті ата, базарлық, тізе бүгу, шашу, тоқымқағар және тағы басқа көптеген ұлттық салт-санамызды көрсететін дәстүрлеріміз жетерлік [2]. Алайда, уақыт өткен сайын біраз салт – дәстүрлеріміз де ұмытылып, қоғамнан да жоғалып бара жатыр деп айтуға болады. Жаңа ғасыр – жаңа технологиялар, жаңа ізденістер ғасыры. Заман талабы өзгерген сайын адамзаттың да ұлттық ой-санаға, дәстүрлерге деген көзқарасы өзгеруде. Яғни, қазақ халқының салт-дәстүрлері тіршілік кәсібіне, наным - сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты, ұрпақтан-ұрпаққа берілгенде ауысып, өзгеріп, жаңарып отырғандығы байқалады. Қазіргі уақыттың өмір ағымына байланысты кейбіреулері түрленіп қана қоймай, жаңадан еніп те жатыр. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінің өзгеріп, қоғамға жаңадан енгізілуі дұрыс па? Заман талабына сай ұлттық салт-дәстүрлер өзгертілуді қажет ете ме? Осы сұрақтарға жауап беру үшін ең алдымен қазақ халқының ұмытылып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлеріне тоқталып өтсек.

Айдар, яғни ұл баланың төбе шашын ұзарта өсіріп, моншақ араластыра өріп қойған. Бұл ғұрып негізінен, тіл-көзден сақтау үшін ер балаларға жасалады. Мысалы, Кенесарының інісі Наурызбай батырдың ұзын айдары болғаны тарихтан белгілі. Қазіргі кезде бұл атау жастар арасында да, үлкендер арасында да көп қолданысқа ие емес екендігін көруге болады, себебі бұл ғұрыпты жастарымыз іштей білсе де, оның атауын білуі екіталай.

Аунату. Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонысын» деп балаларын аунатып туған-туыстары, дос жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматовтың үйіне Мұхтар Әуезов келгенде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

Байғазы беру. Үлкеннің кішіге, яғни балаға беретін сыйы. Жас ұл-қыз, бойжеткен, бозбала жана киім кигенде, жаңа зат алғанда аға, апа, ата-әжесінен, туған-туыстарынан оған байғазы сұрайды. Олар байғазыға ақша, мал, мүлік, әйтеуір бір зат беріп, құтты болсын айтады.

Жол беру. Қазақта үлкен адам келе жатқанында алдын кесіп өтпейді, оған жол береді, үйге кіргенінде орнынан тұрып төрге отырғызады. Аң аулағанда да жасы үлкен адам бірінші болып оқ шығарады, олжаның алғашқысын немденеді. Алыстан келген қонаққа да, қызметі мен шені үлкен адамдарға да әр істе жол береді. Мұның бәрі қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарындағы этикалық жоралғы болып саналады.

Қонаққаде айту. Үй иесі қонағына «Қонақ қаде айта отырыңыз», - деп қолқа салатын болған. Ол - елең айтыңыз, күй тартыңыз, өнер көрсетіңіз деген тілек, қонақтың өнерін, қабілетін сынау, көңілді отыру деген мағынаны білдіреді. Сол себепті қазақтар баласын жастайынан ән айту, күй тарту тәрізді өнерге баулыған. Өйткені, қонаққаде айта алмай қалу – ыңғайсыз жағдай[3].

Жеті ата. Жеті атасын білмеген – жетесіз. Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны үйреткен, жағдатқан, себебі мұның әлеуметтік зор мәні болған. Екіншіден, қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Бұрынғы адамдар бір – бірімен танысқанда, жүздескенде руын, тегін сұрауы осыдан шыққан. Сондықтан әр қазақ баласы өз ата-тегін білу тектілік әрі ұлттық тәртіп пен жөн білудің бір саласы болып саналған[4].

Соңғы ұмытылып бара жатқан дәстүріміздің қатарына бесік жыры да жатады. Бесік жыры – бесікте жатқан нәрестеге айтылатын жыр немесе елең-шумақ. Ерте кездері әжелеріміз бен апаларымыз, аналарымыз бесік жырын арнайы жана туылған нәрестелерге ұйқысы тәтті, тыныш ұйқыға бөлену үшін айтатын. Қазіргі кезде, бесік жырын жатқа айтып, барлық ынтасымен ән қылып жырлайтын аналарды, әжелерімізді кездестіруіміз сирек сонымен қатар, өз ұлтының салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын біле бермейтіндігі немесе ұстанбайтындығы белгілі. Осы мәселе қазіргі кезде өзекті мәселелердің қатарына жатады, себебі қазақ жұрты, тіпті қазақ баласы өзінің салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрпын біліп, міндетті түрде сақтай отырып, келесі ұрпаққа жеткізе білуі тиіс. Алайда, осы ұлттық құндылықтардың сақталу-сақталмауы қоғамға және заманға байланысты болады. Кейінгі ұрпақ ұлттық салт-санамыздың мәнін түсініп, оны қадір тұтып, өзекті жаһандық проблемаға айналдырмаса болғаны. Келесі ұрпақ ұлттық салт-дәстүрдің мәнін түсінуі үшін қазіргі ұрпақ ұлттық құндылықтарды толығымен жетілдіріп алуы тиіс, бұл – кез-келген қазақ баласының міндеті. Ата-бабаларымыздың рухани және материалдық мәдени құндылықтарын жас ұрпақтың бойына сіңіру, әрі соның негізінде оларға ұлттық мәнде тәрбие беру – өзекті педагогикалық мәселелердің бірі көптеген педагогикалық ғылыми зерттеулердің өзегіне айналууда. Сондықтан кейінгі жас ұрпақ ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуі керек. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез-келген мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектуалдық ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады. Ал, оның түпкі мақсатында инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысы мен мұндалап тұр. Өкінішке орай, бүгінгі таңда біздің елімізде интеллектуалдық тапшылық қай кездегіден де жоғары[5]. Бүгінгі қазақ ұлты – өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгеріледі, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отыр. Сонымен бірге «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен қаруланған тәуелсіз халықпыз. Біздің ұлттық салт-дәстүріміз бен психологиямыз да тәуір қасиеттермен қатар, арылатын кемшіліктеріміз бар екенін білеміз. Олардың

қауіпті де, қауіпсіз жақтары бар екенін ескеріп кетуіміз қажет. Біздің жана заманға кішіпейілдігіміз сондай: кейде өз қоғамымызда атымен жоқ шатақтарды өзіміз іздеп таба қойғышпыз. Мысалы, отызыншы жылдары таптық қатынастар әлі кеңінен етек жая қоймаған біздің қауым тап жауларын құрту жолындағы күресте басқа жұрттың бәрінен озып кеттік. Өзіміздің тамырымызға өзіміз балта шаптық. Сол сияқты жаһанданамыз екен деп өзіміздің ең жоғарғы адамгершілігімізді асқақтатып келе жатқан адам тәрбиесінде үлкен маңызы бар салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызға да өзіміз шабуыл жасаудан сақтанған жөн. Ұлттық сана дегеніміздің өзі де әр адамның жеке азаматтық санасы сияқты, әр ұлттың өз тіршілігін өзі бағдарлауы, өзінің барар жерін, шығар биігін өзі белгілеуі, өзінің алдына өзі мақсат қоя білуі деп түсінеміз. Осыған орай Ә. Кекілбаев айтқандай «дәстүр - әдеппен, әдет-ғұрыппен, мың жылдап қалыптасқан дағдымен күресу есуастық. Бірақ оның бәрін жана жағдайға лайықтамай, жаңғыртпай, сол қалпында ұстануға тырысу – өз аяғыңды өзің тұсап, өз қолыңды өзің кісендеумен бара-бар» - деген еді [6]. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген ұранның кесірінен қаншама асыл дәстүрлерді жоғалтып алдық. Қоғамдағы келеңсіздіктердің орын алуы солардың бәрін реттеп отыратын салт-дәстүрлердің өзгеріске ұшырауынан немесе мүлдем жоғалуынан деп бағалауға болады. Сондықтан ата-бабадан мұра болып келе жатқан ешқандай дәстүрді өзгертудің қажеті жоқ, тек соны заманға лайықтап, бейімдеп қолдануды қолға алу керек. М.Әуезов «...егер, шын мәнінде, ерікті ел боламыз, өзге өркениетті елдермен иық тірестіріп, терезе теңестіреміз десек, халықтық салтымызға, елдік дәстүрімізге мейлінше адал болып, оны барынша қадірлеп, қасиеттеуіміз керек», деген салиқалы ой білдірген болатын [7]. Бүгінгі таңда «Ана тілі» апталығы көпшілігіміз біле бермейтін ежелгі салт-дәстүрлерді жеткізуде, насихаттауда қазіргі таңда ерекше тер төгіп жатқан бірден-бір басылымға айналып отыр. Сол сияқты «Алтын Орда», «Қазақ әдебиеті» газеттері, «Парасат», «Жалын», «Қазақстан тарихы» журналдары қазақтың бүгінгі таңда мүлде ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерін жұрт назарына ұсынуда. Қазіргі таңда, жастарымыздың көпшілігі әлеуметтік желілерінде, интернет порталдарында отыратындықтан, ұлттық салт-дәстүрлерді ұмытпау, оны сақтау және ұрпақ тәрбиелеуінде маңызды рол атқаратындығын дәлелдейтін мақалалар жазылу керек деп есептеймін.

Қорыта айтар болсақ, Қазақстан – бірегей ел. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді насихатап, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз қажет. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін міндетті түрде оның салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары сақталуы керек. Егер заман өзгеріп бара жатыр десек, қоғамға енген заманауи өзгерістермен қатар ғұрыптарымыз да насихатталуы тиіс. Техниканың заманы дей отырып, сол технологияларды пайдалану арқылы, болмысымыз, қазақи ерекшеліктеріміз ұрпақтан-ұрпаққа жетуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Махсүтова, М. Қазақтың салт-дәстүрлері-ұлттық құндылық. // sabaqtar.kz/shigarmalar/1503-azaty-salt-dstrler-ltty-ndyly.html
2. Ұлттық салт-дәстүрлер түрлері. "Еркетай" порталы. – 2013 ж.
3. Мұстафина А. Ұмытыла бастаған ежелгі қазақ салт-дәстүрлері. – 2013 ж. 4. Кенжеахметұлы С. Жеті атаны білуіміз керек. // Ана тілі, 2011, 13 қаңтар.
5. Сизова Л. Қазақстан балалары: әлем әдебиеті жолында. - 2014 ж.
6. Төлеуғалиұлы Б. Ұлттық мәдениет және салт-дәстүр. // Маңғыстау, 2013ж.
7. Нәби Ә. Салт-дәстүрлерді сақтауымыз қажет. // Ана тілі, 2012 ж.